

Бас киім.
Бас киіміді жасау үшін
өлшемдерді алу

Пәні: Иленген теріні тігетін
өндірістің технологиясы

Баскиім

Дәстүрлі мәдениеттегі әлеуметтік, экономикалық, аймақтық, жастық, жыныстық және т.б. жағынан айқындауыш, анықтауыш белгі ретінде жүретін әрі тұтастық зат ретінде елеулі этномәдени мәнге ие заттық мәдениет элементі. Баскиімде ұлттық эстетикалық талғам мен табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктері, адамдардың жас және жергілікті, рулық ерекшеліктері көрініс табады

Ерлер баскиімінің түрі онша көп емес: қалпақ, бөрік, тымақ, құлақшын, жалбағай, делбегей, далбай, шыт, кепеш (құстаңдай, қолкесте, бізкесте түрлерімен кестеленген), үшкүлдір, жекей, жапетер, тақия (зерлі, үкілі, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа және т.б.), бөкебай, күләпара, қырпу (іштік бөрік) және т.б.







1





3



2



4



Жалбағай

Ер кісілердің тақиялары.



Ерлерге арналған тақиялардың кестелісі де, кестесізі де болады.

Қазақ әйелдерінің баскиімдері

Қазақ әйелдерінің баскиімдері олардың жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен көп ерекшеленеді. Әйелдердің баскиімдері: *бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, сәукеле, тақия, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, шылауыш және т.б.*



Сәукеле — әйелдің бас киімі, оны ұзатылған қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылар киген. Сәукеленің негізгі бөліктері — тәж, төбе кұлақбау және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус тәрізді болып келеді. Оның төбесінде «Тәж» деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Сәукеленің төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады



Тақия



Бас киімнің астарының болуы өте маңызды. Әдетте флис матасын немесе арнайы астарлық маталарды қолданады.

Астарлық матаның болуы бас киімнің тез тозуын алдын алады.

Өлшемдерді алу. Бас киімді пішу үшін алдымен бас өлшемдерін алу керек.

Келесідей көрсеткіштер алынады.

Бас айналымы (Обхват головы (ОГ))- өлшемді алу үшін сантиметрлік лента маңдайдан бастап бас қаңқасы негізіне дейінгі аралықта айналып өтуі тиіс. Лента басқа қатты қысым түсірмеуі керек.

Бас биіктігі 1 (Высота головы 1 (ВГ 1)) - өлшемді алу үшін сантиметрлік лента маңдайдың төменгі бөлігі, қастан бастап бас қаңқасы сүйегінің мойын омыртқасы сүйегімен бірігетін нүктесіне дейін жетуі керек. Сантиметрлік лента бас қаңқасының тура ортасынан жүргізіледі.

Бас биіктігі 2 (Высота головы 2(ВГ 2)) – өлшем бас төбесінен бастап, құлақтан өтіп, жақ астынан айналдыра алынады.

Алдыңғы бет аралығы (Расстояние между висками (РВ))- қас үсті аралығы, бастың алдыңғы бет аралығы алынады.

Құлақ аралығы (Расстояние между ушами (РУ)) – маңдай алды аралығы өлшенеді, яғни қас үстімен өтіп екі құлақтың арақашықтығын өлшейміз. Қалыпты 56-58 өлшемдері үшін көрсеткіштер төмендегідей болады: Ба-55 см, Бб (1)- 40см, Бб (2) – 61 см, Аба – 18 см, Қа – 30 см.